Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№15 (9902)
21 ақпан,
сейсенбі
2023 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ел тәуелсіздігін алғалы отыз жылдан асты. Осынша уақытта дамуға бастаған Жалағаш бүгінде өзге өңірлерден көшілгері. Біз тұғырлы тәуелсіздікті сөз еткенде оның қалай келгенін еске аламыз. Әрине тарихты білмей, өткенді сараламай болашаққа қадам басу мүмкін емес. Өйткені тарихын білмеген болмысын жоғалтады. Осыған дейінгі газет бетіне жарияланған мақалалар да тарихты төңіректейді. Бүгінгі мақаламызда тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары аудан дамуына, жаңадан бой көтерген нысандар мен кентті көркейтуге бағытталған жұмыстарға шолу жасамақпыз.

Жалағашта жүйелі жұмыс бар

«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші, шүкір, біздің өңірге басшы болғандардың дені ауданның дамуына, кенттің көркеюіне күш салды. Бұл әлі күнге дейін күн тәртібіндегі мәселе болып тұр. Әлеуметтік-экономикалық даму, халықтың әлеуетін арттыру, көптеген елдермен тығыз байланыс орнату, өз заңдарымызды бекітіп, соның аясында жүйе қалыптастыру сол жылдардағы басты назардағы мәселе еді. Қазір бұл қиындықтар реттелді, тоқыраудан тосырқамай өткен Қазақстан біршама жетістікке жетті. Ал біздің аудан әр жылдардағы іскер басшы, ұйымдастырушылар жұмыстарының нәтижесінде көппен иық тіресті. Тарқатып көрейік...

Кент келбетінің жағдайы – ауданның көркеюінің, оның ішінде құрылыс саласыныңдаму деңгейінің көрінісі. Соңғы жылдары бірнеше нысан пайдалануға берілді. Олар бүгінде ел игілігі үшін қызмет етуде. Бұл жұмыстардың барлығы кент келбетін арттырып, ел игілігі үшін жасалуда. Кенттегі игілікті істің бірі – көпқабатты үйлердің қайта жаңғыртылуы мен жолдың жайы. Игі істің бастамашысы болған компаниялардың қолдауының арқасында кент орталығындағы көпқабатты үйлердің бірнешеуі жаңғыртылды. Аудандағы игі істердің қатарында кентті газдандыру жұмыстары да бар. Бірер жылдан бері аудан халқы үшін газдандыру жұмыстарының басталуы қуаныш сыйласа, енді міне, бұл іс те аяқталып, көпшіліктің қуанышын еселеді. Ауданға газ келгелі көмір тапшылығы мәселесі де біршама жолға қойылды. Өйткені табиғи газ келгелі көгілдір отын тұтынатын тұрғындар қатары артты. Осыдан-ақ бұл жаңалықты елдің асыға күткенін аңғаруға болады. Енді алдағы екі-үш жылда ауданға қарасты елді мекендерде жарқын жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалмақ. Әсіресе табиғи газға қосылатын ауыл тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Қажеттілігіне, мәселенің өзектілігіне қарай барлық ауылдық округтерде көшелер жөнделіп, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылады. Қазіргі таңда Ақсу елді мекенін газдандыруға байланысты жоба қолдау тауып, 2023 жылдың бюджетіне қаржыландыруға енгізілді. Сондай-ақ М.Шәменов елді мекенін газдандыру үшін ЖСҚ әзірленіп, сараптамадан өткізілуде.

Тағы бір айта кететін жүйелі жұмыстардың бірі ауылдық жерлердегі емхана, медпункттердің салынуы. Бұл тұста қыркүйек айындағы Таң ауылдық емханасының іргетасы қалануын айта кетуге болады. Енді Мырзабай ахун және Аламесек ауылдарында да дәрігерлік амбулатория құрылысына облыс қазынасынан қаржы бөлініп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Бұл жобаның құрылысын да биыл «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар жалпы құны 3 млрд 694,1 млн теңгені құрайтын 13 жоба жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Атап айтар болсақ, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым бойынша 1 жоба, «Ақтерек» учаскесі 170 гектарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның газ желілерінің құрылысы, жол құрылысы бойынша 7 жобаны жүзеге асыру күн тәртібінде тұр. Айта кету керек, ауданның ауыл шаруашылығы саласы бойынша биыл орналастыратын дақыл өнімдерінің де болжамы белгілі болды. Ауданның ауыл шаруашылығы дақылдарының бекітілген сызбасына сәйкес, 2023 жылы 37 052 гектарға егіс орналастыру жоспарланған. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 19800, бидай 750, қант құмайы 70, арпа 70, соя 35, мақсары 520, сүрлемдік жүгері 700, сұлы 5, қант қызылшасы 2, жаңа жоңышқа 4850, ескі жоңышқа 7200, картоп 646, көкөніс 1108 және бақша өнімдері 1296 гектарға егіледі.

Жол жайы да көңіл көншітіп тұр. Соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алып, сапасы сын көтермейтін бірқатар көшелер ой-шұқырдан арылды. Бұл ретте қажетті қаражат қаралып, кентішілік көшелер күрделі және орташа жөндеуден өтті. Тіпті елді мекендерді ауданмен байланыстыратын жол да назардан тыс қалмады. Қоғамдық көліктердің кедергісіз қатынауына, жолаушылардың қиындықсыз әрі қауіпсіз жағдайда болуына мүмкіндік туды. Алдағы уақытта да қалған көшелердің ой-шұқырлары тегістеліп, кезең-кезеңімен жөндеуден өтіп, ауданға қарасты көшелер толық талапқа сай күйге енеді деп сенеміз.

Айта кету керек, алдағы атқарылатын жұмыстардың ішіне Бұқарбай батыр елді мекенінің 16 көшесін жарықтандыру жұмыстары да кіріпті. Бұл ретте бүгінгі таңда жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп, жобаның жалпы құны 170,2 млн теңгені құрап отыр. Жобаларды бюджеттен қаржыландыру үшін 2023 жылға облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жалпы ауданда жыл көлемінде қолға алынған жобалардың саны отызға жуық, оның ішінде ауыз су, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар, көпірлерді жөндеу, газдандыру, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары қамтылған. Ауыз су желілері бойынша 4 жоба, жол құрылысы 9 жоба, газдандыру бойынша 4 жоба, жарықтандыру 4 жоба, абаттандыру бойынша 4 жоба жүзеге асты. Ал биылғы жылдың еншісіндегі істерді жоғарыда шолып шықтық. Не десек те, атқарылған жұмыс көп, атқарылар шаруа да аз емес. Бір жылды артқа тастаған жалағаштықтар биыл да мол табысқа жетуде жарқын істерді жүзеге асырады.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Т.ЖҮРГЕНОВ – 125 ЖЫЛ

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, НАРКОМ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары «Темір-Нарком» атанған Темірбек Жүргеновтің есімі бүгінде иісі қазаққа етене таныс. Ол – Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы оқу-ағарту, мәдениет және әдебиет саласының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы-көсемсөзші. Биыл осынау Алаштың асыл азаматының туғанына 125 жыл толып отыр. Жалпы алғанда, Темірбек Қараұлының мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғасын одан әрі жан-жақты сомдау үшін осы саладағы қызметімен қатар әдеби-публицистикалық мұрасын да түбегейлі зерттеп, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тарихында алатын орнын нақпа-нақ белгілеу міндеті, парызы кейінгі ұрпаққа жүктелгені айдан анық. Міне, осы үдеде студент шағынан ізденіп, әдеби-мұрасын ғылыми айналымға түсіріп, терең талдап, алғаш диссертациялық деңгейде зерттеген, жерлесіміз Бауыржан Иманғалиев Нарком туралы жазған «Темірбек Жүргенов» атты үшінші кітабын қалың оқырманға ұсынды. Зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бауыржан Сәбитұлы бұл төрт жүз елу беттік кітабында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан мұрағаттары мен кітапханаларының сирек қолжазбалар қорларында сақталған Т.Жүргеновтің құнды еңбектерін алғаш рет түпнұсқа негізінде тауып, араға сексен жыл уақыт салып, оқушыларымен қайта табыстырды. 1937 жылы 26 қыркүйекте «Халық жауы» деп қара күйе жағылып, қапыда атылып кеткен қайран бабамыздың халқына, ұлтына жасаған еңбегін бес тараудан тұратын осы құнды еңбекте жан-жақты аша білген. Біз бүгін зерттеуші-ғалым Б.Иманғалиевтің қайраткер-қаламгер Т.Жүргенов туралы жазған мақаласын ұсынамыз.

Жалғасы 2-бетте.

Жерді мақсатты пайдаланса игі

Аудан прокуратурасының соңғы жылдары жүргізген талдау нәтижесінде игерілмеген 227 ауыл шаруашылық және 18 кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскесі анықталған. Прокуратура енгізген ұсыныстар бойынша кадастрлық құны 28 млн теңге болатын 22 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылған. Бұл туралы аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен жиында айтылды.

Басқосуда алдымен аудандық ауыл шаруашылығы және жер бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев баяндама жасады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бағыттағы жерлерді мақсатты пайдалануда заң бұзушылықтардың орын алғанын бөлім басшысы да жоққа шығармайды. Десе де жер иелері тарапынан мұндай олқылық орын алса, мақсатсыз пайдаланылған жерлерді мемлекетке қайтару жұмыстары жалғаса береді.

Айта кетейік, ауданның жер қоры 2 873 640 гектарды құрайды, оның ішінде 591 563 гектары Қарағанды облысынан ұзақмерзімді пайдалануға алынған. Бұдан басқа Жалағаш аумағының 11 149 гектар жері Ресейге пайдалануға берілген.

Ауданда 284 752 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер бар. Ал жалпы жерді пайдаланушылардың саны – 500, оның ішінде 456-сы шаруа қожалық болса, 25-і серіктестік болып табылады.

А.Дәрібаев мақсатты пайдаланылмаған жер учаскелерін мемлекетке қайтару бойынша тиісті жұмыстар жалғасатынын айтады. ҚР Жер кодексінің 92-бабының 4-тармағына сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайларына егістікте жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін өңдеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілмеуі, шабындықтарда, жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны арамшөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтаңдануының өзге де белгілерінің болуы жатады.

Жалғасы 3-бетте.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, НАРКОМ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

БАСЫ 1-БЕТТЕ.

ҚАЙРАТКЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ АЖАРЫ

Ахмет Байтұрсынов! Темірбек Жүргенов! Ілияс Омаров! Өзбекәлі Жәнібеков! Бұлар – халқымыздың рухани-мәдени, оқу-білім саласын әрқилы замандар мен саяси жүйе жағдайында өрге сүйреген қайраткерлер. “Елім”, “жұртым” деп жан айқайымен жанын оққа да, отқа да қарсы тосқан күрескерлер. Жоқты бар қылған, барды зор қылған Жасампаздар. Сол жасампаздық, туындыгерлік еңбектерімен есімдері ел есінде мәңгі қалған арыс тұлғалар! Тарих оларға, белгілі ақынның образды сөзімен айтқанда, “бір мезгілде әрі ағартушы, әрі жарық түсіруші” міндетін жүктеді. Ал олар бұл миссияны көбеден қандары, кеудеден жандары шыққанша абыроймен атқарып кеткендері бүгінде дау-дамайсыз тарихи ақиқатқа айналып отыр.

Дүниеде өз бойындағы жаратылыс сыйлаған талант өртіне өртеніп өлгендер, өнер салмағын көтере алмай мертігіп ажал тапқандар аз емес. Қарап отырсақ, соның көбі жиырма мен қырық жастың арасында, ой мен қырды бірдей барлап тұрған шағында кеткен екен. Өз тағдырын өзі жасаған кісіге не дауа. Ал, бойынан өмірге құштарлық отын бір сәт бәсеңсітпей, еліне деген алаулы сезімі жүрегімен қоса дүрсілдеп соғып тұрғанда ғұмыры мезгілсіз қиылғаннан аянышты нәрсе бар ма екен?! Т.Жүргенов небары 39 жыл жасады – үшінші мүшелінен шыға бергенде өзі керемет үміт еткен мына өмірге жанар бағып соңғы рет дұрыстап қарап та үлгермей, керек десе не болғанын жөнді ұға алмай кете барды. Кешегі 37-де орылып түскендердің баршасының түйінді тағдыры осы. Олардың барлығы көмбесіне жетпей құлаған сәйгүлік тәрізді бойындағы барын сарқи алмай кеткендер. Солардың бірі, әрі бірегейі, Қазақстандағы білім, мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушысы, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері – Темірбек Қараұлы Жүргенов.

Темірбек Жүргенов 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының (бұрынғы № 16 ауыл) қазіргі Жүргенов ауылында дүниеге келген. Ол кезінде Ырғыз бен Сыр бойы аралығын жайлаған қалың елге белгілі болған, ел ұстаған билік иесі, өз заманының талабын аңғара білген көзі қарақты жан Қара Жүргенұлының бел баласы. Осындай дәулетті, тәрбиелі ортада өскен Темірбек өз кезеңі үшін тиянақты білім, ұлағатты тәрбие алды: дәстүрлі халықтық ортада тәрбиеленді, ұлттық психологияны, сөз бен саз мәдениетін ананың сүтімен, атаның қанымен бойына сіңірді. Жас Темірбектің ұстаздар жағынан да жолы болды. Осылардың ішінен екі кісіні – Сыр бойының белгілі ағартушы-ақыны Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мен Аламесек орыс-қазақ мектебінде сабақ берген, қазақ тарихындағы алғашқы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздіктің авторы Досмұхаммед Букинді атап айту жөн. Алғашқы ұстазының шарапатты әсерімен жас бала бірнеше шығыс тілін меңгеріп, шығыс мәдениетінің жауһарларымен жастай танысса, соңғы ұстазының көмегімен Еуропа мәдениетін, соның ішінде орыс мәдениетін, әдебиетін, тілін, осы қоғамдағы озық революцияшыл идеяларды терең игерді. Сөйтіп, Т.Жүргеновтің дүниетанымында шығыстық және еуропалық дүниетаным кіріге тоғысып, біртұтас рухани дүниеге ұласты. Қайраткер-қаламгердің көзқарас эволюциясындағы осы ерекшелік соңыра оның мәдени құрылысқа, ағарту саласына байланысты мәселелер түйінін әрі тез, әрі дұрыс тарқатып отыруына көп көмегін тигізді. Екіншіден, Т.Жүргенов – 20-30 жылдардағы үркердей қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі. Оның ат жалын тартып мінген азаматтық өмірі бірден ұлттық ояну, көтерілу, серпілу және ұлттық-саяси тәуелсіздік жолында күресу кезеңіне тұспа-тұс келді. Темірбек Жүргенов Нәзір Төреқұлов, Әліби Жангелдин тәрізді қайраткерлермен бірге иық тіресіп, ең алдымен өзі өкілі болып саналатын қазақ халқының мүддесіне қызмет етті.

Темірбек Тұрмағамбет ақын ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауыш білім алған. Ал, 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енеді.1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. САГУ-де студент болып жүріп, қоғамдық өмірге белсене араласып, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. Ол Қазақ АССР-інің Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі, ал 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалады. Институтқа академик В.Бартольд, профессор С.Малов секілді атақты ғалымдарды Мәскеуден арнайы шақыртып, институт жұмысын жандандыруға күш салады. Жоғары оқу орындарына арналған «Саяси экономия» және «Құқықтану» пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударады. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға атсалысады. 1929-1930 жылдары - Тәжікстанның Қаржы комиссары. 1930-1933 жылдары - Өзбекстанның Халық ағарту комиссары, ал 1933-1937 жылдары Қазақстанның Халық ағарту комиссары қызметтерін абыроймен атқарады. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Сейфуллин, С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев сияқты қайраткер-қаламгерлерді тартты. Сондай-ақ, ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев сынды басқа да өнер майталмандарының шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Т.Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В.Затаевичке көптеген мәліметтер берді. Жүргеновтің тікелей атсалысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына ықпал етті. Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының Бірінші өнер слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін өткізудің басты ұйымдастырушысы болды. Онкүндік кезінде еліміздің өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге атқарған ерен еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

ҚАЙРАТКЕРДІҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚАЖЫРЫ

Темірбек Жүргенов – ойы ұшқыр, қаламы қарымды публицист. Оның жазушылық қызметін қайраткерлік қызметінен, қалам сапасын қайраткерлік сапасынан бөліп алып қарауға келмейді. Қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама зерттелсе де, Т.Жүргеновтің қаламгерлік қарымы мемлекеттік қызметінің тасасында қалып келді. Қазіргі қолдағы мәлімет бойынша, Ағарту комиссарының әзірше 7 кітап, 150-ден аса әдеби-публицистикалық мақала жазғаны белгілі болып отыр. Атап айтқанда, «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздық жою» кітаптары, «Саяси экономия» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының ақындары мен жыршылары» т.б.мемлекетшіл тақырыптағы очерктері мен мақалалары бүгінгі ұрпақ үшін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Жүргенов қоғам қайраткері ретіндегі қызметін партиялық функционерліктен емес, 1918 жылы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, қаламын қару етіп бастағанын атап айтқан жөн. Жиырмасыншы жылдар басында Т.Жүргенов республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетінің буынын бекітіп, бұғанасын қатыру ісіне шығармашылық, ұйымдастырушылық қажырымен атсалысты. 1924 жылы Ташкентке келіп, САГУ-де (Орталық Азия мемлекеттік университеті) оқып жүріп, әрі Қазақстанның Түркістан республикасындағы өкілі қызметін атқарған кезде де Жүргенов қалам майданының қақ ортасынан табылды. Сөз қадірін білетін, сөз баққан ортада өскен оның «Ұшқын» газетінде жарық көрген «Переводчиктің қиялы» атты сықақ өлеңі бала жігіттің сөз өнерінде қара жаяу еместігін бірден танытты. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінің үлгісінде жазылған бұл сахналық интермедия қазақ әдебиетіндегі сатиралық монологтардың алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. «Переводчиктің қиялы» қазақ сахнасының майталманы Серке Қожамқұловтың репертуарынан ұзақ жылдар бойы тұрақты орын алып келді. Ал, 1924 жылы «Қызыл Қазақстан» журналының №4 санында жарияланған «Меруерт» әңгімесі XX жылдардағы ұлттық прозамызда өз кезеңіндегі ең өзекті, ең көкейкесті тақырыптың бірі – әйел теңдігі мәселесіне арналған. Кейіпкерлер тағдырының ұқсастығы, тақырып ортақтығы және кейбір суреттеу тәсілі жағынан «Меруерт» М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесімен үндес. Ол сюжетті өмірде жалт еткен бір сәттік оқиғаға, яғни метонимиялық принципке құрады. Бұл жағынан әңгіменің новеллалық сипаты басым.

Қайраткер отызыншы жылдар басында әдеби сын мақалалар жазуға, соның ішінде театр сынына көбірек көңіл бөлген. Бұл өреде Б.Майлиннің «Шұға» пьесасының алғашқы қойылымына арналған «Ушуға» рецензиясын («Казахстанская правда», 1934ж., 21-маусым) атап айту жөн. Автордың пайымдауынша, ендігі жерде әдебиетке Меруерт тәрізді шарасыз бейнелер емес, Шұға сынды сындарлы, рухты, кесек образдар қажет. «Өнер өнер үшін емес, өнер әлеуметтің мұң-мұқтажына, арман тілегіне қызмет көрсетуі тиіс!» - дейтін өзекті ой Темірбек Қараұлының қаламынан қорытылып шыққан «О пьесе «Хан Кене» и ее критиках» («Казахстанская правда», 1934ж.,12 маусым) мақаласында жалғасын тапты.1928 жылы жазылғанымен, содан бергі уақытта сахналауға рұқсат берілмей келген М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасын алғаш драма театры репертуарына енгізген Т.Жүргенов болатын. Спектакль 1934 жылы мамырда қойылды. «Хан Кенені» тірілткен Темірбек Қараұлы - өзінің тарихи принцип көзқарасын әдеби мұраны игеру ісіндегі тарихи сабақтастық принципіне ұластырған сыншы. «Казахский перевод» Шахнаме» атты көлемді мақаласы (Казахстанская правда, 1935, 1 сәуір) автордың осы өредегі көзқарасын толық танытты. Фирдаусидің туғанына 1000 жыл толуы қарсаңында оның мәңгі өлмес мұрасы – «Шахнама» дастанын қазақ топырағында бірінші болып аударған Сыр бойының білімдар ақыны Молда Ораз нұсқасын ел ішіндегі бір қарапайым шаруаның қолынан таптырып алдырған Т.Жүргенов дастан жөніндегі алғашқы әрі күні бүгінге дейін біздегі бірденбір толымды зерттеу болып саналатын көлемді еңбекті жазды. Т.Жүргенов өзінің сыншылық-зерттеушілік еңбегінде жекелеген шығармаларға ғана көңіл бөліп қоймай, әдебиетіміздің зәру мәселелері бойынша перспективалық бағыттарды белгілеп, әдебиет тарихындағы кесек дәуірлерге баға беріп отырған. 1925 жылы Ташкентте қызметте жүріп тәрбие, білім, әдебиет жайындағы мақалалардан «Терме» деген жинақ құрастырды. Оған Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов т.б. авторлардың шығармаларын кіргізіп, Шернияз, Едіге, Базар жырау т.б. туралы құнды мәліметтер берген. Темірбек Қараұлының «Жеруйық» атты мақаласында («Қазақ әдебиеті», 1936 ж. 10 шілде) Асан қайғы, оның идеясына алғашқылардың бірі болып толымды баға бергенін атап айтқан жөн. Асан қайғы жөнінде зерттеу жұмыстары 1930 жылға дейін тоқтап қалған еді. Жүргенов мақаласы тоқырап қалған сол іске жаңадан серпін берді. Автор халық аңызы жасаған Асан Қайғы бейнесі белгілі бір дәрежеде тарихи Асанның кейпі, ол XIV ғасырда қазақ халқының жазба тарихы жасала бастаған дәуірде өмір сүрген деген ой айтты. Кейінгі зерттеулер оның бұл пікірінің дұрыс екендігін көрсетті. Темірбек Жүргенов – 30-жылдары А.Пушкин шығармашылығына да баға берушілердің бірі. Орыс ақынының дүниеден өткеніне 100 жыл толуы қарсаңында жарияланған «Орыс халқының ұлы жазушысы және қазақ халқы» деген көлемді мақаласында Пушкин шығармаларын қазақ тіліне аудару дәстүріне тоқталған. Осы орайда, оның Абай үлгісіне берген бағасы биік. Сыншы орыс ақыны мен қазақ ақынының ақындық қуаты мен поэзия өрнегіндегі ұқсастықты нақты мысалдармен көрсетеді.

Халық ағарту комиссары екі тілде бірдей жазған алғашқы билинг қайраткер-қаламгерлеріміздің бірі болды. Тілді жазушы еңбегінің құрылыс материалы ғана емес, мәдениеттің, білімнің іргетасы деп білген ол тіл туралы айтыстан шет қалмай, сол өредегі білікті де салмақты пікірлерін көп талқысына салып, ең бастысы, практикалық басшылық саласына көшіріп отырған. Қайраткердің қазақ тілінің түсініктілігі, мәдениеттілігі, тазалығы туралы ойлары, әсіресе, терминологияға қатысты ұсыныс-пікірлері әлі күнге маңызын жойған жоқ. Жүргенов тіл қолданушыларды, әсіресе, зиялы қауымды қазақ әдеби тілінің бұзылып, көпшілікке түсініксіз жаргонға айналуынан сақтандырды. Осы тақырыпты «Қазақ тіліндегі терминология мәселелері», «Қазақ әдеби тіліндегі келеңсіз жағдайлар» атты мақалаларында өрбіткен ол жиырмасыншы жылдары А.Байтұрсынов бастаған термин жасаудың ғылыми принциптерінен ауытқымауды, яғни, термин сөздерді метаморфалау, морфологиялық және синтаксистік тәсілмен қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан жасау әдісін жалғастыруды, сонымен бірге, аударуға келмейтін, қазақша барабар (адекват) мағынасы жоқ халықаралық аталымдарды өзгеріссіз алуды ұсынды. «Тілді де тісті, жігерлі де, іскер адам» – деп Ғ.Мүсірепов баға берген Темірбек Қараұлының жан-дүниесі ғалым, зерттеушіге бейім еді. Жаратылыс сыйлаған осы бейімдіктің соңына біржола түсуге заманы, уақыты мұрша бермесе де, ол ғұмырының ақырына дейін тасқа басылған сөзге деген сағыныш-көрігін баса алмай өмірден өтті.

«СІЗ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУГЕ МІНДЕТТІСІЗ, ОРЛОВ ЖОЛДАС!»

Темірбек Жүргеновтің ана тілге деген сүйіспеншілігі мен қамқор көзқарасын белгілі композитор Е.Брусиловский өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты мемуарлық кітабында төмендегідей сүйсіне еске алады: «Жүргенов өз кабинетінде мәжіліс өткізбек болды. Шамамен алғанда отыз шақты кісі жиналды, ішінде тек екі адам — қарағандылық Б.Н.Орлов және мен орыс жұртынан едік. Наркомның өзі де, басқа сөйлеушілер де тек қазақ тілінде сөйлеп отыр. Бір кезде Борис Николаевич орнынан тұрды да, Жүргеновтен қазақша сөйлемеуін өтінді, мұнда не жайында әңгіме болып жатқанын өзі ұқпай отырғанын, ол түсінетіндей болуы үшін сөйлеушілердің орысша сөйлегені жөн екенін айтты. Бір кезде Жүргеновтің қара көздері ұшқындап кетті. Жұрттың бәрі бүкшие түсіп, тым-тырс бола қалды. «Сіз қайда отырсыз, Орлов жолдас!» Ашу найзағайы үрейлене бұғжиген қайраткерлерінің үстінен ойқастай шапшыды. «Сіз қайда жүрсіз өзіңіз!» – деп Жүргенов дауысын бұрынғыдан бетер қатайта сөйледі: «Сіз Қазақстанға келдіңіз екен, егерде мұнда жұмыс істегіңіз келсе, сіз республиканың мемлекеттік тілін білуге міндеттісіз! Сіз қазақ әндерін де орыс тілінде зерттемекшісіз бе?» – деп, өзге ұлттан қазақ тілін құрметтеуді талап етті». Апырмай, ұлт намысы дегенде жаныр кетер сондай батылдық бүгінгі қандас шенеуніктерінің бойында болса ғой деп ойлайсың. Өкініштісі, басқа ұлттың бірліжарым өкілі отырса болды-ақ: «Бәрімізге түсінікті тілде сөйлейін», – деп, орысша сайрай жөнелетін дерттен біз әлі де арыла алмай жүрміз-ау. Жүргеновтің қылышы жалаңдап тұрған сонау отызыншы жылдардағы ерлігі бүгінгі ұрпаққа зор тағылым. «Бүкіл дүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады», – деген Темекеңнің сөзі бүгін өз көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Тоталитарлық жүйенің осы қызып тұрған шағының өзінде Темірбек Жүргенов республикаға басшы болып келген Голощекинді қатты сынға алып, былай дейді:

– Қазақстанға керегі – 7-10 жылдық мектеп жүйесін құру, ал, сіз «қазақ тек хат таныса болады» дейсіз. Жоқ! Бізге үлкен білім ордалары қажет! Алда істейтін міндетіміз – қалың жұрттың ішінен шыққан білім қайраткерлерін, өз кадрларымызды дайындауымыз қажет. Қазақ тілін жете білудің өзі үлкен мәдениет!» – деп өз ұлтының болашағын құрметтеуді талап етеді.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ ДЕГЕНДЕ...

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз», – дейді. Ал, академик А.Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып, Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік», – деп өнер басшысының қажыр-қайратын жоғары бағалайды. Жазушы Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов – тілді де тісті, жігерлі де іскер адам», – деп талантына ерекше ден қойып, ыстық ілтипатпен еске алады.

Темірбек Жүргенов дегенде 1927 жылы Ташкентте ұйымдасқан алғашқы Қазақ педагогикалық институтының ректоры (Абай атындағы ҚазҰПУ), Тау-кен институтын (Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды құру, жаппай сауаттандыру, 10 жылдық білім берудің күні бүгінге дейін үзілмеген желісі еске түседі. Темірбек Жүргенов дегенде отызыншы жылдар басында Голощекин даңынан кейін тұралап жатқан ұлттық білім мен мәдениеттің тамырына қан жүгіртіп 400 мектеп салдырып, қазақтың «Луначарскийі» атанған ағарту комиссары еске түседі. Т.Жүргенов дегенде тұңғыш ұлттық опера өнерін дүниеге келтірген білікті басшы, 1936 жылғы Мәскеудегі сәтті өткен қазақ өнер декадасы, «Шахнаманың» тұңғыш қазақшаға аударылуы, «Хан Кене», «Жалбыр», «Шұға» пьесаларының алғаш көрсетілімдері, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін өзі басқаратын мәдениет комитетінің қарауына алған ұлтжанды азамат ойға оралады. Осындай іргелі, игілікті істерді басқарып жүріп, артынан мол әдеби-публицистикалық еңбектер қалдырған. Тарихи антология жағынан бұл мысал өркениеті мен мәдениеті теңескен батыс елдердегі қоғам қызметін қалам қызметімен қатар алып жүрген М.Робеспьер, Е.Дашкова, Ф.Раскольников тәрізді қайраткерлер үлгісімен теңеседі.

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

1937 жылы басталған жаппай саяси қуғын-сүргін науқаны қыруар игі істердің басы-қасында жүрген Т.Жүргеновті де өзінің шеңгеліне іле кетті. Оған «халық жауы, ұлтшыл, Кеңеске қарсы терроршы-көтерілісші, шпиондық-диверсанттық ұйымдарға басшылық еткен, жұмыстарына белсене араласқан» деген сияқты бірнеше айып тағып, кейін сот оны ату жазасына кесті. Үкім 1938 жылы 25 ақпанда Алматының іргесіндегі Қандысай деген жерде орындалған. Бұл кезде есіл ердің жасы небәрі 39-да еді. Алаш ардақтысы Әлімхан Ермековтің туған қарындасы, қайраткердің зайыбы – Дәмеш Ермекова Жүргенова Темірбек Қараұлы атылғасын «халық жауының әйелі» деп оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, «Алжир» лагеріне қамады. Бас-аяғы 20 жылға жуық уақыт қуғыншылық көріп, Алматыға ол тек 1957 жылы оралды. Дәмеш Әмірханқызы кейін айнымас адал жарын жазықсыз жаладан ақтап алу жолында ғалым Мардан Байділдаевпен бірге көптеген іс-шаралар, естелік мақалалар мен кездесулер өткізді. Осы кісілер мен Жүргеновке жанашыр азаматтардың ықпал етуінің арқасында Алматыдағы Қазақ ұлттық өнер академиясына Темірбек Жүргеновтің есімі берілді, сондай ақ Астанада, Алматыда, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында бірқатар мектептер мен көшелерге қайраткердің аты беріліп, ескерткіштер орнатылды. Қайраткер өміріне арналған деректі фильмдер мен 1 пьеса жарық көрді. Өзі мерт болса да, оның ісі, атқарған қызметі, халқының болашағына сіңірген қалтқысыз еңбегі, атап айтқанда артында мұра болып қалған әдеби-мәдени, оқу-ағарту саласында жазған құнды дүниелері шаң басқан мұрағат сөрелерінен алынып, жоғары бағасын ала бастады. Себебі асыл азаматтың өмірі көпке үлгі, кейінгілерге өнеге болары хақ.

Бауыржан ИМАНҒАЛИЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы,
ҚР Мәдениет қайраткері

ҰБТ-ға өтініш қабылдау басталды

20 АҚПАН МЕН 10 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА АҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАНАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Биыл екінші ҰБТ 14-30 наурыз аралығында өтеді. Ұлттық тестілеу орталығының хабарлауынша, ҰБТ-ға мектептің 11 (12) сынып оқушылары, мектеп және колледждің өткен жылғы түлектері, колледждің биылғы түлектері, ЖОО-ға шартты түрде қабылданған студенттер, шетелде білім алған түлектер, ҚР азаматына жатпайтын, шетелде білім алған ұлты қазақ адамдар қатыса алады.

«ҰБТ тапсыру құны – 4230 теңге. Қатысушылар тіркелу кезінде тестілеу өтетін орынды, күнді және уақытты өз еркімен таңдайды» делінген ҰТО хабарламасында.

Еске салайық, қаңтар айында өткен ҰБТ сынағына 123 мыңға жуық талапкер қатысып, олардың орташа нәтижесі 76 балды құрады. 102 мың талапкер шекті балл (50 балл) жинай алды. Тест тапсырушылардың 95 мыңы (77 пайыз) қазақ тілінде, 28 мыңы (23 пайыз) орыс тілінде, 91 түлек ағылшын тілінде тест тапсырған.

«ЖЖ» ақпарат

Жерді мақсатты пайдаланса игі

Сондай-ақ жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының болмауы не олардың саны агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасының жиырма пайызынан аз болса, жемшөп дайындау мақсатында шөп шабылмаса де сіз жерді мақсатты пайдаланбаған болып табыласыз.

Былтыр қаңтар айына дейін ауданда жалпы көлемі 227 781 гектарды құрайтын 645 жайылымдық жер учаскесі жеке және заңды тұлғаларға табысталған. Ал шілде айында жүргізілген зерттеу жұмыстарына талдау жасасақ, ауданда табысталған жайылымдық жерлердің мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайы 48,9 пайызды құраған. Яғни 111 385 гектар жайылымдық жер мақсатты пайдаланылмаған.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 227 781 гектар жайылымдық жер учаскесінің 192065 гектарына ауыл шаруашылық жануарларын тіркеу жұмыстары жүргізіліпті. Нәтижесінде мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайы 48,9 пайыздан 15,6 пайызға азайған.

– Бүгінгі таңда мал басы тіркелмей немесе мал басының 20 пайызға жетпей тұрған жер учаскелерінің көлемі 35 717 гектарды құраса, оның ішінде 12 977 гектары жеке азаматтардың үлестерінде. Жалпы, мақсаты бойынша пайдаланылмаған не ҚР заңнамасын бұза отырып пайдаланылған ауыл шаруашылық жерлерін мемлекет меншігіне қайтару үшін сот шешімі негізінде, түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы өз еріктерімен, жерді пайдаланбауына байланысты жалға алынған мерзімі ұзартылмай қаулымен қайтару тәсілдері қолданылады. Жер учаскелерін мемлекетке қайтаруда негізінен түсіндірме жұмыстарына басымдық берілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 2021 жылы жалпы көлемі 41 117 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекет меншігіне қайтарылса, 2022 жылы 9075 гектарды құрайтын 19 жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды. Сонымен қатар аудан бойынша «ҚазҒарышСапары» платформасы арқылы 36 жер учаскесіне Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментімен тиісті тексеру жұмыстары жүргізіліп, нұсқаулар берілді, – дейді бөлім басшысы.

А.Дәрібаев ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу бойынша басым бағыт беріліп отырған ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу мақсатында биыл 5 288 гектарды құрайтын 19 жер учаскесі айналымға енгізілгенін айтады. Басқосуда дәл осы мәселеге қатысты аудан прокуроры Шыңғыс Есжанов та бірқатар саурал қойып, тиісті жұмыстар жалғасын табуы керектігін алға тартты.

Негізі құзырлы орган өкілдері мейлінше халықтың пайдасына жұмыс жасауға көшіп жатқан іспетті. Бұрын біздің түсінігімізде олар тек заң аясында жазалаушы орган секілді көрінетін. Ал халыққа мәселенің алдын алуда олардан кеңес те аз болатын. Кешегі Шыңғыс Есжановтың бір ғана мәселеге қатысты айтқан пікірі бізді осындай ойда қалдырды. Мәселен, ауданда мақсатты пайданылмаған ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік мақсаттағы жерлер жетіп артылады. Аудан прокуроры оларды анықтап, тек мемлекетке жерді қайтарып, оларға шара көрумен шектелуді жөнсіз деп есептейді. Керісінше мейлінше мәселенің алдын алып, оларға алдын ала түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізілсе дейді. Рас қой, сонда ғана ешкім шығынға батпайды. Кәсіпкерлік саласы дамысын деп, өзіміз олардың жерін тартып алсақ, ауыл шаруашылығына бар жағдайды жасап, иесінен жерін тартып ала берсек, мемлекеттік қолдаудың біз пайдасын көре аламыз ба, міне, прокурордың да бұл жерде айтпағы осы. Әлбетте, жер мақсатты пайдаланылмады ма, заң аясында оның жері мемлекетке қайтарылуы тиіс. Оны Ш.Есжанов та жоққа шығармайды. Себебі қазір елде жайылымдық жер мәселесі қат. Десе де прокурордың өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай мәселені шешуге қатысты пікірін біз қос қолдап қолдаймыз.

Мұнан кейін аудандық прокуратураның прокуроры Нұрдәулет Нұрғалиев жалпы мақсатсыз пайдаланылған жерлерді мемлекетке қайтару жұмыстары барысын саралады. Бүгінде Жер ресурстарын басқару департаментімен 8 кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскесіне нұсқамалар табысталып, қалған 7 учаске бойынша тексерулер жүргізілуде. Алайда жер иеленушілер тарапынан жер учаскелерін игермеу фактілері тоқтамаған. «Оның себебін Н.Нұрғалиев жер иелері тарапынан жайылымдық жерлерге өз ауыл шаруашылық жануарларын тіркемеуімен, жер учаскелерін аукционмен табыстау кезінде ұсынған бизнес жоспарларын орындамауымен, жергілікті атқарушы органдар тарапынан мониторинг пен бақылау уақытында және тиісінше жүргізілмейтіні, аудан әкімдігі тарапынан бақылаудың болмауымен байланыстырды.

– Жер кодексінің нормаларына сәйкес игерілмеген және нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтау міндеті аудандық жергілікті атқарушы органға жүктелген. ҚР Жер кодексінің 4-бабына сәйкес, жер заңдарының принциптеріне жерді қорғау және ұтымды пайдалану, жерді нысаналы пайдалану жатады. Атап өту қажет, бұған дейін жер қатынастары саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий қолданылып, соның салдарынан пайдаланылмайтын жерлерді анықтау барысында қиыншылықтар орын алған. Соған байланысты жер қатынастар саласындағы тексерулер мораторийден алынып тасталған. 2023 жылы аталған порталмен мониторинг жүргізу барысында аудан бойынша меншік иелерінде жалпы көлемі 14 578,02 гектарды құрайтын 52 жайылымдық жер бойынша мал басы мүлдем тіркелмесе, жалпы көлемі 45 403,8 гектарды құрайтын 10 жайылымдық жер бойынша тіркелген мал санының жүктемесі 20 пайызға төмен екені анықталды. Мысалы, «Талант» фермер қожалығының жалпы көлемі 845 гектарды құрайтын жайылымдық жері болғанымен, аудандық ветеринариялық станциясының мәліметі бойынша «Талант» ФҚ-да ауыл шаруашылығы жануарлары мүлдем тіркелмеген. Дегенмен бұл міндет жер қатынастары бөлімі тарапынан тиісінше орындалмайды. Себебі прокуратурамен анықталған мыңдаған гектар жер учаскесі жер қатынастары бөлімі немесе ауыл әкімдерімен мүлдем анықталмаған, – дейді ол.

Ауыл әкімдерінің игерілмеген жерлерді анықтауда рөлі ерекше. Десе де олар бұл жұмысқа немқұрайлы қарайтын көрінеді. Осылайша Мемлекет басшысының тапсырмасы жекелеген ауыл әкімдері мен әкімдік қызметкерлерінің жауапсыздығы мен белсенділік танытпауынан орындаусыз қалады екен.

Қызылорда облысының Жер қатынастары және ауыл шаруашылық басқармасының мәліметі бойынша ауданда 265 мың гектардан аса жайылымдық жерге қажеттілік туындаған. Дегенмен аудан әкімдігі тарапынан осы қажеттілікті аудан тұрғындары үшін қамтамасыз ету бағытында мүлдем шаралар қолданбапты. Салдарынан аудан тұрғындарының малын жаюға мүмкіндігі шектеліп, наразылық пайда боған. Бұл ретте прокурор оларды жайылымдықпен қамтамасыз ету үшін кезек күттірмейтін шаралар қолдану қажет деп есептейді. Мұндай олқылық кәсіпкерлік мақсаттағы жерлерді пайлануда да кездеседі екен.

Аудан прокуратурасының талдауына сүйенсек, бизнес субъектілерінің қызметіне араласпай, 2017-2021 жылдары табысталған жерлерге визуалды қарап-тексеру жүргізіліп, нәтижесімен игерілмеген жалпы көлемі 15,8254 гектарды құрайтын 18 жер учаскесі анықталған. Аудандық жер қатынастар бөлімінің мәліметіне сәйкес, 2017-2021 жылдары қадағалау аумағында 83 жер учаскесі кәсіпкерлік мақсатқа табысталған. Бұл ретте игерілмеген 18 жер учаскесінің анықталмауын уәкілетті органмен өзіне заңмен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамаудың нәтижесі десе де болады. Алайда аудан аумағындағы жер пайдаланушылар заң талаптарын сақтамай, өздеріне мемлекет тарапынан берілген жер учаскелерін белгіленген мерзімде игермей, тиімді пайдаланбауда.

Мәселен, Жалағаш кенті әкімінің 15.09.2017ж. №170 шешімімен Жалағаш кенті Ұлы Жеңістің 50 жылдығы көшесі бойында үй-жайларға қызмет көрсету үшін жеке кәсіпкер С.Ш.Айнабаеваға 0,4 га жер учаскесі берілген. Осы жер учаскесіне визуалды қарап-тексеру жүргізу барысында оның 5 жылдан аса бос тұрғаны, яғни игерілмегені белгілі болған. Жерді мақсатты игеруге қатысты кенттегі олқылықтар мұнымен шектелмейді. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың ҚР Жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген залалды өтеу, мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не ҚР Заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою мәселелері бойынша сотқа талап қоюды дайындауға және беруге құқығы бар делінсе де, жергілікті атқарушы органдармен пайдаланылмайтын жерлерді анықтау жұмыстары жүргізілмеген.

Аудан прокуратурасымен жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты өткізу барысында да бұзушылықтар анықталыпты. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органның ресми парақшасына мониторинг жүргізу барысында олармен уақытылы мәліметтер және конкурс нәтижелері енгізілмейтіні белгілі болған. Заңнамаға сәйкес бекітілген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты ұйымдастыру үшін уәкілетті орган оны өткізуге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын сауда-саттық өткізілетіні туралы хабарлама орналастыруы тиіс.

Елді мекендерде орналасқан жер учаскелерінің нысаналы мақсаты Кодекстің 107-бабына сәйкес көзделген функционалдық аймақтарға сай белгіленеді және жергілікті атқарушы органдардың жер учаскесіне құқық беру туралы шешімдерінде және сәйкестендіру құжаттарында көрсетіледі. Алайда талдау нәтижесімен тұрғын үй құрылысы үшін арналған жерлерді сауда-саттыққа негізсіз шығару, ол жерлердің нысаналы мақсатын тұрғын үй құрылысы үшін өзгертіп, бұндай жерді кезекке тіркелу арқылы алу қажеттігі туралы заң талаптарын айналып өтудің әдісі қолданылатыны белгілі болды. Тұрғын үй аймағына құрылыстар алып жатқан әрі көппәтерлі және көпқабатты тұрғын үйлер, үй маңындағы жер учаскелері бар жеке тұрғын үйлер салуға арналған тұрғынжай салатын жерлер кіреді. Дегенмен жергілікті атқарушы органдар бұл талапты ескерместен, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасында тұрғын үй аймағы болып белгіленген аймақтағы жерлерді кәсіпкерлік мақсатта табыстау үшін сауда-саттыққа шығаруда. Мысалы, азаматша Л.И.Сугироваға өткізілген сауда-саттық жеңімпазы болып танылып, Жалағаш кенті әкімінің 29.07.2019ж. №168 қаулысымен кәсіпкерлік мақсаттағы Жалағаш кенті «Береке» учаскесінен 0,0300 га жер учаскесі жеке меншік құқығымен табысталған. Жалағаш кентінің «Береке» учаскесінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес аталған жер учаскесі тұрғын үй аймағында орналасқан. Кейін Л.И.Сугированың өтініші бойынша жер комиссиясының оң қорытындысы негізінде Жалағаш кенті әкімінің 09.06.2020ж. №93 қаулысымен өзгертілген. Демек, бұл жерлерді кәсіпкерлік мақсатта қолдану мақсатынсыз алынып, тұрғын үй салу үшін қолданылуда.

Нақты фактілер прокуратураның 2023 жылдың қаңтарында енгізілген ұсынуында көрсетілген. Сондықтан осындай бұзушылықтарды болдырмау үшін игерілмеген немесе мақсатына сәйкес пайдаланылмайтын кәсіпкерлік, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді анықтау жұмыстарын жандандырып, кент және ауылдық округтер әкімдері жұмысты үйлестіруі тиіс. Сондай-ақ анықталған игерілмеген жер учаскелері бойынша жер туралы заңнамада көзделген толық шаралар қолдануды, аудан аумағында игерілмеген және нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтау үшін ай сайын мониторинг жұмыстары жүргізіліп, нәтижесімен тиісті тізімдер Қызылорда облысының Жер ресурстарын басқару департаментіне шара қолдану үшін жолдануы тиіс. Ал елді мекендерде ауыл шаруашылық жануарларын міндетті түрде тіркеу қажеттігі туралы халық арасында түсіндірме жұмыстары ветеринариялық станса қызметкерлімен бірлесіп, тоқсан сайын жүргізілуі керек. Мұнан бөлек аудан аумағында 300 мың гектарға жуық жайылымдық жерге қажеттілікті азайту бойынша нақты іс-шаралар жоспары әзірленуі тиіс.

Жер учаскелеріне құқықтарды табыстау кезінде Жер кодексінің талаптары мүлтіксіз сақталса мұндай олқылық орын алмас еді. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын бас жоспар, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында айқындалған аймақтарға сәйкес белгілеу керек. Ал шаруашылық субъектілерінде үлесшілер мен басшылық арасында даулардың алдын алу мақсатында қоғамдық-саяси ахуалға тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізіп, мәселенің алдын алған абзал.

Басқосуда прокурор көтерген мәсеелер негізінде аудан басшысы Асқарбек Есжанов жауапты азаматтарға тиісті тапсырмалар беріп, оның өз деңгейінде орындалуы ұдайы бақылауында екенін қаперге салды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Елде қанша отбасы несие алып, тапқан табысын оны төлеуге әрең жеткізіп, тіпті кейбірі «қара тізімге» ілігіп, ешқандай банктен несие ала алмай жүр. Банктен алған несиесін төлеуге шамасы жетпей титықтап жүргені қаншама?! Әсіресе әлеуметтік жағынан төмен отбасылар несиенің зардабын тартып отыр. Бұған дейін елдегі қолдау мен көмекті қажет ететін отбасылар үшін жағымды жаңалық болып, 300 мың несиелері кешірілген еді. бірақ бұл қазақстандықтардың барлығы несиесінен толықтай құтылды деген сөз емес. Осы ретте Ел Президенті «ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға қол қойды.

Банкроттық: несие қандай жағдайда кешіріледі?

Осы Заң бір жыл бұрын Үкіметте талқыланып, халықаралық тәжірибелер ескеріліп, рәсімдердің 3 түрін енгізу ұсынылған. Бірақ қоғамда осыған байланысты екіұдай пікір тараған да белгілі. Яғни қазақстандықтарды аландататыны аталған заң борышкерлердің банк алдындағы қарызына қатысты мәселелерді реттей ме, әлде алдағы уақытта несие тарихына зиянын келтіре ме? Бұл пікірлердің айтылуының да жөні бар. Өйткені аталған заңның көмегіне жүгінгендер кейін банктер үшін біржола «қара тізімге» енсе, онда мұның да тиімсіз тұсы бар. Жалпы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі кеңесте жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңды әзірлеуді тапсырған болатын. Осы тапсырма аясында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңына 2022 жылы 30 желтоқсанда қол қойылды. Аталған заң Қазақстан азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шарттарын белгілейді. Заң 4 тараудан, 53 баптан тұрады. Заң ресми жарияланған күннен кейін 60 күн өткен соң күшіне енеді. Яғни қарызы бар азаматтар биыл наурыз айынан бастап банкроттыққа арыз бере алады.

Азаматтардың банкроттық рәсімдері 3 рәсімнен турады. Соттан тыс банкроттығы, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін қарастырады. Үш рәсімді де тек борышкер ғана бастайды, яғни несие беруші немесе өзге кредитордың борышкерге қатысты бұл рәсімдерді қолдануға құқығы жоқ. Үш рәсімге жеке-жеке тоқталсам, алдымен соттан тыс банкроттық рәсімін алайық. Бұл Мемлекеттік кірістер басқармасын қарастырылады. Өтініш EGOV электрондық үкімет порталы арқылы беріледі. Борышкерлердің екінші деңгейдегі банктерден, микроқаржы ұйымдарынан және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарызы кешіріледі. Қарыз 5,5 млн теңгеден, яғни 1 600 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс. Сондай-ақ өтініш берген күннен бастап соңғы 12 айдың ішінде өтелмеген қарызы бар азаматтар жатады. Заң аясында қарызы кешірілетін борышкердің мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлкі, жер және көлік құралдары болмауы тиіс. Банкпен, микроқаржы ұйымымен борышты реттеу туралы құжаттың болуы міндетті. Ал коллекторлар бойынша аталған құжат талап етілмейді. Алайда 6 ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін борышты өтемеу кезеңінде, қарыз 5 жылдан артық өтелмесе, жоғарыда аталған барлық шарт ескерілмейді. Екінші рәсім сот банкроттығы болып табылады. Яғни бұл аты айтып тұрғандай, сотпен қарастырылады. Мұнда өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Кредиторлар алдындағы қарыздың барлық түрі бойынша сот банкроттығы барысында борышкердің мүлкі сауда-саттықта сатылады. Егер жалғыз тұрғын үй кепіл нысанасы болса, кредитор оны от банкроттығы барысында алып қоюға құқылы. Ал жалғыз тұрғын үй кепіл болып табылмаса, ол мүліктік массаға енгізілмейді. Сондай-ақ қаржы басқарушысы тағайындалады.

Ең алдымен мүлікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау, яғни қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру бойынша мәмілелер жасауға тыйым салынады. Екіншіден, рәсімді жүргізу кезеңінде шетелге шығуға тыйым салынады. Үшінші рәсім, яғни төлем қабілеттілігін қалпына келтіру сотпен қарастырылады. Өтініш борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Қарыздың мөлшері тиісті мүліктің құнынан аспауы тиіс. Мұнда мүліктің бір бөлігін сату, мүлікті жалға беру, жаңасын сатып алу арқылы тұрғын үйді сату немесе құны төмен тұрғын үйге айырбастауға болады. Айта кетейік, бұл рәсімде «Банкрот» мәртебесі берілмейді. Теріс себеп-салдарсыз, яғни қаржылық мониторинг жүргізілмейді, бір сөзбен айтқанда, қайта несие алуға шектеулер жоқ. Қарыздар бойынша бөліп төлеу 5 жылға дейін жалғасады. Шетелге шығуға да шектеу жоқ. Ал банкроттықтан кейін борышкер 5 жылға дейін несие алудан шектеледі. Сондай-ақ 7 жылға дейін банкроттыққа қайта жүгіне алмайды. 3 жыл қаржылық жағдайына мониторинг жүргізіледі. Бұл жерде ескеру керек, алимент өндіру, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін келтірілген зиянды өтеу бойынша берешектер есептен шығарылмайды.

Несиеге байланған жұртшылық кезінде кімдердің несиесі кешіріледі деумен болып еді, енді аталған заңның тиімді тұсын ізденіп әлек. Қалай десек те, бұл заң да қазақстандықтар үшін несиелерін ретке келтіріп алуға мүмкіндік болады деп ойлаймыз.

Руслан БАЙҒАЗИЕВ,
Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы

Қайтарымсыз грант биыл да үлестіріледі

Күні кеше «Бастау Бизнес» жобасына қатысуға өтінім қабылдау басталды. Өтінім қабылдау 10 күнге жалғасады. Жыл ішінде барлығы төрт лек өтеді. Грант мөлшері 400 АЕК-ге, яғни 1 380 000 теңгеге тең. Әр қатысушы мұндай грантты бір рет қана алады.

Айта кетейік, грантқа қатысты кез келген сұрақ бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы Өңірлік жұмыспен қамту орталықтарына жүгінуге болады. Грант қажетті жабдық, еңбек құралдары, технологиялық жабдық, жануарлар, төрт түлік, құс, ағаш көшеті, бұталы өсімдіктер, тұқым, көшет сатып алу, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға қажет орынжайды жалға алуға беріледі.

Гранттар несие төлеу, тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу және салу, жер учаскелерін сатып алу, акциздік өнімдерді өндіру сынды тұтынушылық мақсаттарға берілмейді. Өтінім беру үшін порталға тіркелу керек. Грант алу шарттарына сәйкестікті тексеруден өткізген дұрыс. Сондай-ақ бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алу, оны толтырып, порталға қайта жүктеу, өтінім формасын толтырып, ЭЦҚ арқылы қол қою керек.

«Бастау Бизнес» оқуына жазылу үшін business.enbek.kz порталына тіркеліп, оқу шарттарына сәйкестікті автомат тексеруден және оқу шарттарына сәйкестіктен өтуі керек. Шарттарға сәйкес келген қатысушы skills.enbek.kz порталына өтіп, оқуға кірісе алады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алуға үміткерлер санатына жұмыссыз ретінде тіркелгендер, тіркеу мерзімі 3 жылға дейін жеке кәсіпкерлер жатады. Бұл ретте үміткер қатарына мүгедектігі бар азаматтар, «қандас» мәртебесі бар азаматтар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшесі, көпбалалы отбасы мүшесі, мүгедектігі бар бала асырап отырған азаматтар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар кіреді.

Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқығанын растайтын сертификаты болуы керек. Сертификаттың мерзімі 3 жылдан аспауы тиіс.

Айте кетейік, өз жобасын жүзеге асырамын деген азаматтар үшін қайтарымсыз қаражат бірнеше жылдан бері үестіріліп келеді. Жалағаштықтар да оның игілігін көріп, кәсіп ашуға машықтанды. Қазіргі таңда дәл осы грантқа қол жеткізу арқылы жүзеге асқан жобалар аудан халқының қажетіне жарап тұр. Ал жыл сайын көлемі артқан қайтарымсыз гранттың жұмыссыздықты тұсаудан бөлек, ауданның кәсіпкерік саласына серпін беруде де маңызы зор.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өсиет

Даналардан қалған сөз

Ұлы адамдардың дүниеге келуі туралы оқиғаны кезінде ауыл ақсақалдарынан көп еститінбіз. Ауылда май шамның жарығы өшкенше әңгіме жалғаса беретін. Бір күні үйге салт атты кісі келді. Ағаларымыз ақсақалды құрметтеп атынан сүйеп түсіріп, қолына су құйып, төрге отырғызды. Ақ сақалы иегін жапқан қарт кісінің тегін адам емес екені байқалады. Қараша үйдің төріне қабаттап мамық қып көрпеше салып, жиылған ауыл адамдары мәз болып жатыр. Сөйтсек ол кісі Сыпыра шежіреші Әлиасқар Байғұтұлының өсиетін көңілге тоқып, ел алдында майын тамызып айтатын қасиетті кісі екен. Баламыз ғой ол қарттың әңгімесін бірін түсінсек, бірін түсінбеппіз. Әкеміз оны қаттап жазып, қағазға түсіріп кеткен екен. Онда Абылай ханның қалай өмірге келгені жайлы баяндалады.

Абылай дүниеге келерде, анасы босана алмай алты күн қиналады. Әрі-беріден соң жаны ауырғанда:

– О, жаратушы тәңірім! Жанымды қинамай ал, – деп алты қанат ақ үйдің керегесінен ұстап сілкілегенде, киіз үй шайқалады. Жетінші күні Мәртөбеден үлкен астан шыққан бұрымды Ақай Әулие ауылға жақынмаң нан түйемен өтіп бара жатып, сол маңдағы кездескен келіншектен:

– Анау алты қанат ақ үй қалай -қалай шайқалады? – деп сұрайды. Жас келіншек иіліп сәлем салып:

– Апа, ниетіңізді періште қабыл етсін, перзент босана алмай жатқан өзіміздей бір келініңіздің жан айқайы,– дейді. Істің жайын ұға сала Ақай әулие түйесін бұрып, алты қанат ақ үйге қарай жүреді. Дауыс жетер жер қалғанда, түйесінен түсіп алып, қобызын қолына алып, ақ шанағын сыпырып, "Адыра жаның босасын" деген сарынды тартқанда, үй ішіндегі босана алмай жатқан келіншек бірден сылқ етіп, тәтті ұйқыға кетеді. Мынау сарынды естіген ел Ақай әулиенің жанына жиналып қалады. Әулие ашуланып:

– Ниеттеріңе Тәңірім текті ұл берейін деп тұр, тесіліп неге қарайсыңдар? Тез арада киіз үйге жетпейтіндей етіп, төрт құбыласына от қойыңдар, – деп бұйырды. Ақай әулиенің айтқанын азаматтар бұлжытпай орындады. Арада сүтпісірім уақыт өткенде, шырылдаған нәрестенің ащы дауысы естіледі. Бірақ дүниеге келген перзенттің денесі қан сияқты қып-қызыл болып түседі. Көреген Ақай әулие су тола торсығын түйесінен түсіріп:

– Мынау – Түкті баба Шашты Әзіздің басындағы "Жыл бұлақтың тұмбасы", осы суға тұз салып, жұмасына бір рет сәбиді шомылдыра беріңдер.

Арғысын бір жаратушымен, ата-бабасының әруағы шешер.

Тұсауын Қызыр кесер. Ер жетер, бірі де өтер, – деп ойланып тұрып:

– Мынау – перзентіңнің алдағы ғұмыры,

Бір мүшелге толғанша шет қалады.

Мүшелден асқанда айналасы өрт болады.

Екі мүшелге толғанда,

Айтқаны серт болады.

Ал тіл тигізіп, қол көтерген мерт болады, – деп, дәм ауыз тиместен:

– Қанағатым қанамнан асып түсті, – деп түйесіне мініп, жол жүріп кеткен екен.

Осылайша қарт кемеңгер ойлы сөзін түйіндегенде айнала отырған халық риза болысып желпінісіп, ханның өмірге келуі де ерекше бір құбылыс екен ғой деп таңырқасып жатты. Ойпырым-ай біздің бабалардың жүрген жолы ұлылыққа, кие мен қасиетке тұнып тұр екен ғой деп гу-гулесіп жатты.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Шылымның шырмауына түспеңіз

Қазір шылым шегушілердің қатары артпаса, кемімей тұр. Олар бір тал шылым бірнеше минутқа дейін өміріңді қыстартып, өкпеңнің белгілі бір бөлшегін зақымдап үлгеретінін біле тұра, оған деген тәуелділіктен арыла алмай жүр. Зерттеулерге үңілсек, әлемде әр 13 секундта бір адам, әр 65 секундта бес адам темекіден көз жұмады екен. Ал бұл статистика жылына 5 млн-нан аса адам дүниеден өтетінін дәлелдеп отыр.

Жалпы Бауыржан Момышұлы бір сөзінде «Ауызын ошақ, мұрнын мұржа қылуды үйренгеннен басқа не бітірдіңдер» деп кейігені бар еді. Расымен қазақ үйір болған кей жат қылықтардың, жағымсыз әрекеттердің дені еліктеуден қалыптасып кетті. «Заманауи» деген сөз көп нәрсені өзгертті. Өзгенің қаңсығын, таңсық көріп заманауи деп қабылдайтындар көбейді. Ер азаматтар былай тұрсын көше бойында еш қымсынбастан көк түтінге көміліп тұрған қыз-келіншектерге де етіміз үйреніп қалғандай. Ешкім барып қой деп жатқан жоқ. Зайырлы қоғамда өмір сүрген соң әр адамның жеке көзқарасына, өз қағидаларына, өмірлік ұстанымдары мен қызығушылықтарына дейін құрметпен қарауға тиіспіз. Бірақ ең алдымен ұлт болашағын ойлауымыз керек. Ұлт болашағын бүгіннен ойлау үшін жастарды дұрыс тәрбиелей алуымыз керек. Әрбір жастың жүрегінде, жүзінде, сөйлеген сөзінде қазақтың тектілігінің табы көрініп, ұлттық болмысымыз айқындалып тұратындай тәрбиенің негізін қалай алуымыз қажет. Ол үшін сол жастарға сөзбен емес, іспен көрсетіп, аға буынның үлгі болуына үлес қосуға тиіспіз. Ниет амалға, амал әрекетке, әрекет мінезге, мінез өміріне айналады демекші, жат қылықтарды жанына серік ету немесе одан тыйылу да әр адамның өз қолында.

Жалпы медицина мамандары темекі өнімдерінен жыл сайын миллиондаған адам өмірімен қоштасатынын айтады. Тіпті темекі шегетіндер стенокардиямен 13 есе, миокард инфарктымен 12 есе, асқазан жарасымен 10 есе жиі ауыратынын мәлімдейді. Темекі шегудің зияны туралы жиі айтылады, көптеген елдер шылым шегушілердің үлесін азайтуға тырысуда, барлық іс-шаралар өткізілуде, заңнамалық актілер насихатталуда, шектеу шаралары қабылдануда. Сондай-ақ компаниялар темекі қораптарына темекі шегудің зияны туралы да ашықтан ашық жазып қояды. Тіпті ғалымдар темекі шегудің зияны мен темекіні өздері тартпаса да түтінін жұтатын халықтың денсаулығына келетін зиян туралы көптеген зерттеу жүргізіп келеді. Нәтижесінде дүниежүзінде адам өлімінің ең көп тараған себептерінің ішінде бірінші орында қан қысымының жоғарылауынан, ал екінші орында темекі шегуден болатынын көрсетеді. Өлім-жітімнің үшінші себебі ауаның ластануынан екенін айтады.

Кейбір адамдар темекі шегудің зиянды және тыйым салынғанын біле тұра, одан бас тартқылары келсе де, ерік-жігері жетпей, шегуін жалғастыра береді. Өйткені олар нәпсісімен күресуде дәрменсіздік танытады. Ғылыми деректерге сүйенсек, Ислам дінінде харамдар үлкен және кіші, олардың әрқайсысына сай өз үкімдері бар. Бүгінде зияны анық харам деп танылған темекіге бұрындары мәкрүк, тәнзихән мәкрух деген пәтуә болған. «Ғалымдар мен дәрігерлер де темекі шеккен ғой» деп атын атап сылтау іздейтіндер де жетерлік. Алайда бұл жандар өздерін осы әдеттен арылта алмаса да, оның алапат зияны туралы жақсы біледі. Барлығы да албырт жастықтың, еліктеушіліктің соңында кетуден болғаны сөзсіз. Тіпті кейбірі Ислам дінінде зиянды әрекеттерге баланған темекі турасында Құран Кәрімнің ішінен «Темекі харам етілді» деген тұп-тура осы сөзді іздейді. Бұл дегеніңіз, Алланың дініне илану, мұсылманға жат қылықтардан тыйылуға деген ниеттен емес екені айтпаса да белгілі. Мұндай сөзді айтушылар өздерінің жағымсыз қылықтарын ақтайтын амал іздеулерінен. Егер адам баласы «пендешілікке салынбайтын» болса темекіге салынған тыйымның түпкі астарында өз денсаулығы, өз өмірі тұрғанын түсінер еді. Қанша жанды әр секунд сайын жалмап жатырған көк түтінге өздерін тұншықтырмас еді. Бауыржан атамыз айтқандай, мұрнын мұржа, аузын ошақ қылуды «модаға» айналдырмас еді.

Адамзаттың қас жауы қоршаған орта, жан-жануарлар немесе жыртқыштар емес. Адамның жауы сол адамзаттың өзі. Ауаны ластайтын да, сол ластанған ауаны жұтатын да өздері. Темекіні шығаратын да, сол текеміні тұтынатын да және содан өлім құшып өкінетін де өздері. ДДҰ мәліметінше, темекі шегушілердің жартысын темекі өлтіреді. Темекі шегу жыл сайын 8 миллионнан астам өлімге әкеледі. Бұл өлімнің 7 миллионнан астамы темекіні тікелей тұтынудың салдары болса, 1,2 миллионға жуығы шылым шекпейтін адамдардың пассивті темекі шегуінің салдары. 2020 жылғы мәлімет бойынша әлем халқының 22,3%, барлық ерлердің 36,7% және әйелдердің 7,8% темекіге әуестенген. Темекі індетімен күресу үшін 2003 жылы ДДҰ-ға мүше мемлекеттер темекіге қарсы күрес туралы ДДҰ негіздемелік конвенциясын қабылдады. Қазіргі уақытта бұл шартты 200-ге жуық мемлекет мақұлдаған. Ал осы жылдың басындағы мәлімет бойынша, Науру ең көп темекі шегетін ел болып анықталған екен. Яғни онда тұрғындардың 52,1 темекі шегетіні белгілі болған. Ең көп темекі шегетін елдер тізімінде одан кейін Кирибати, Тувалу, Мьянма және Чили де кіреді. Ең аз темекі шегетін елдер Гана, Эфиопия және Нигерия.

Біз айтқан мәселе біздің елде де бар. Қазақстанда да қаншама адам шылымның тәуелділігінен арыла алмай жүр. Әсіресе жастар арасындағы әуестілік белең алып келеді. Мектеп қабырғасынан бастап шылымның шырмауына түседі. Осылайша жасөспірімдер өз өмірлеріне балта шабады. Өмірлерінің қанша уақытын қысқартады, өкпесін, ағзасын зақымдайды, қоршаған ортаны ластайды, психикалық тұрғыдан сыр бере бастайды. Әзірге мұның бәрі анық айтылғанымен, тоқтау болмай тұр. «Ауға намаз үйреткен таяқ» демекші, бұл тәуелділікке Заңмен тосқауыл қойылмаса, адам баласының өздігінен бас тартуы әсте оңай емес анық.

Дайындаған Нұр НАУАН

Ойтаразы

Есім қоюда ағаттық жібермейік

Қазақ халқы өз перзентіне жақсы есім қоюды армандайды. Шынында психологтардың пікірінше нәрестеге қойылған есім оның тағдырына түбегейлі әсер етпесе де, оң ықпалы болады деп санайды. «Халық айтса қалып айтпайды» деген тәмсіл бар. Кезінде Бауыржан Момышұлы атамыз «Адамға дүниеге келгенде берілетін есім оған өмір жолында бағыт сілтейтін жарық жұлдыз іспетті. Өмір бойы жанында болатын алғашқы және қасиетті белгілердің бірі» деген екен. Демек ата-ананың балаға жақсы есім беруі – тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді деуге негіз бар.

Алайда біздің қазақта кейде бала тұрмаса немесе көрген түсіне орай қойылатын есімдер көзге қораш көрінеді. Аты дүрдей азаматтар есімінің дұрыс қойылмауынан ыңғайсыз жағдайға ұшырап жатыр. Алыстан іздемей-ақ қояйын өзімнің туған жездемнің шын аты – Құлақбай. Жұбайымен алғаш танысқанда өз атын бірде Құланбай, бірде Құлахмет деп мың құбылтып отырған. Кезінде танысып алып қашу сән болып жатқан жетпісінші жылдан бері қарайғы кезең. Не керек жездеміз апамызды бірнеше кездескеннен кейін алып қашып кетеді. Жалағаштың бұрынғы Коммунизм, қазіргі Шәменов ауылы. Құғыншылар келіп-кетіп көңіл жайланған сәтте шымылдықта отырған апамның құлағына «Құлақбай» деген сөз түрпідей тиіп шошып кетеді. Әрі-бері тыңдаса өзін алып қашқан болашақ күйеуін туысқандары солай атап жатыр. Әбден шошынған апам «сіздер мені кімге алып қашып келдіңдер? Құлақбай деген қандай кісі? Маған көрсетіңдер» деп қиғылық салады. Міне қызық туысқандары күлкіге көміліп, өзіне сөз салған шашы буйра, өзі қияқ мұртты, өзіне бұрын махаббат жайлы жазылған қойын дәптер сыйлаған сүңгідей жігітті көрсетеді. Сонда ғана жүрегі орнына түскен апам кейін бізге күліп, «Құлақбай» деген атты естігенде өне бойым қалшылдап, мені басқа танымайтын біреуге алып қашты ма деп қорықтым деген болатын. Естуімше, сол уақытта көп қыздар сондай алып қашудың құрбаны болғаны шындық.

Кейіннен жездемнен «сіздің атыңызды неге осылай қойған?» десем, әжелері түсіне кіріп нәрестенің атын солай қой деп аян берген көрінеді.

Иә, біздің қазақ ырымшыл халық қой. Көптеген аттар адамның түсіменде қойылып жатады. Кейбіреуі перзент өмірге келген кездегі оқиғамен де қойылады. Мысалы Сайлаубай, Мамыр, Наурызбай, Шілдебай, Штап, Дүкенбай. Кейде құрал-саймандардың да атын балаларына бергендерді көргенде әлгі есімді алып жүрген замандасымызға аяушылықпен қараймыз. Мысалы біздің ауылда есім таппағандай нәзікжандылардың атын Балта, Балға деп қойған. Әрине, оған құрдастарынан болсын езу тартатындар табылары анық. Перзенттерімізге есім қойғанда абайламағаннан оның зардабын көпшілік замандастарымыз, көптеген қаракөздер тартып жүргені өтірік емес.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деген халқымыздың керемет сөзі ойға оралады осындайда. Ел ішінде есімі танымал дана тұлғалар жетерлік. Сол адамдардың есімін қойып, ұлықтап жатсақ та жарасымды. Мысалы Абай, Мұхтар, Фариза, Ыбырай деген есімдер ел ішінде көп кездеседі.

Қазір мынадай мәселе бар. Тіпті ересек адамдар арасында ислам жолына түскеннен кейін азан шақырып қойған есімдерін өздері ұнатқан діни есімдерге өзгерткендер жетерлік. Мысалы Кәрім, Нұрбек, Бауыржан деген атын Омар, Осман, Юсуф деп ауыстырғандарды кездестірдік. Сондайда таңырқайсың өзінің дуние есігін ашқанда ата-анасы дәріптеп қойған әп-әдемі есімін ауыстырудың не қажеті бар?

Ең бастысы, мұсылман болса намазына, құлшылығына берік болып, дінді дұрыс ұстанып, жүрегіне иман ұяласа болды емес пе?

Исламда «Әке мен шешенің баласының алдында үш міндеті бар. Туғанда жақсы ат қою, дінге тәрбиелеу, үйлендіру делінеді. Шариғат заңы бойынша, жаңа туған нәрестеге үш күннің ішінде азан шақырып ат қою керек. Әрине, ақылмен қойылған есім болса құба-құп. Ал ойланбай жүрдім-бардым қойыла салған ат адамға опа бермейді. Сондықтан болашақ ұрпағымызға есім таңдағанда абай болайық.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 293

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ